


«Бақытын білімнен тапқан ұстаз»



Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының «Әдістеме – библиография» бөлімі білім мен тәрбие саласында еселі еңбек еткен ардагер – педагог, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Қазақстан ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Арқалық қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлының 70 жылдық мерей тойына арнап «Бақытын білімнен тапқан ұстаз» атты жаднаманы

жарыққа шығарды.

Жаднаманың шығу мақсаты: оқырман қауымға ұстаздардың ұстазы болған, елге танымал тұлға Жәнібек Ғапбасұлының өмірі мен еңбек жолын таныстырып, шығармашылық еңбектерін насихаттау.

Жаднама 4 бөлімнен тұрады.

Жаднаманың 1-ші бөлімі- **«Өмір жолы - өнеге»** деп аталды. Бұл бөлімде Жәнібек Ғапбасұлының өмірі мен еңбек жолдары кеңінен қамтылған.

2-ші бөлім- **«Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары»**. Жәнібек Ғапбасұлы не жазса да жауапкершілік пен жинақылықтан ауытқымауы, қара қылды қақ жаруға тырысуы – оның қолтаңбасының басты ерекшелігі еді. Қашанда айтар ойын шегелеп, ноқталап жеткізеді. Оның көкейтесті мәселелер көтеріп, көпшілікті елең еткізерлік, өзекті мәселелерді арқау еткен мақалалары газет беттерінде басылған. Бұл бөлімде Жәнібек Ғапбасұлының сонау 1993 жылдан 2017 жылға дейінгі мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалар тізімі берілген. Сонымен қатар, осы бөлімде газет бетінде жарық көрген ол туралы мақалалар тізімі берілген.

Жаднаманың 3-ші бөлімі - **«Еңбек етсең еленерсің, атақ- данққа кеңелерсің»** деп аталады. Бұл бөлімнен Жәнібек Ғапбасұлының толассыз еңбегінің еленуі арқасында алған бірнеше медальдарын көруге болады. Сонымен қатар мерзімді басылым беттерінде жарияланған ұстазға

арналған арнау өлеңдер мен ол туралы замандастарының жылы лебіздері берілген.

4 - ші бөлім - «**Суреттер сыр шертеді**». Бұл бөлімде аты айтылып тұрғандай, Жәнібек Ғапбасұлының әр –түрлі кездесулердегі және отбасылық суреттері берілген.

Жаднама жастарға, оқушыларға, ел ағасы, ұстаз Жәнібек Ғапбасұлы туралы білгісі келетін барша оқырманға арналған.

**Сәуле Ермағанбет,
Кітапхана библиографы.**